



Тайбурыл МЕН БАЙШҰБАР Алтайды дүбірлетті

Әлібек Қаңтарбай

Әне, Қобыланды мен Алпамыс, Тарғын мен Қамбар томартұяқ тұлпарларының ауыздығын ағытып, торғын толқынды Ертістен суарып жатыр.

Әне, Сабалақ – Абылай Төленің қарақұрым түйесін өрістетіп, Қалбаның құйқалы қатпарларына сіңіп барады.

Әне, тәңірім-ау, әнеу бір қаралы топтың ортасында қылтасын көмкерген қолаң шашын жайып жіберіп зарлап келе жатқан кәдуілгі Баян сұлу емес пе? Бәсе, жүрегіміз бір сұмдық боларын баяғыдан-ақ сезген еді, Қозы Көрпеш шейіт болған екен ғой.

Апыр-ай, төбе құйқанды шымырлатып, сай-сүйегінді от пен жалынға шабақтай қақтайтын мынау неткен қасіретті әуен? Әлсін-әлі: «Туған жер, енді есен бол!» деп қайырып қоюының өзінен-ақ мынау бір найза кірпік, қияң қас арудың аса бір қатерлі де қайтпас сапарға бел бұғаны елес береді. Е, құрбандыққа шалынған, өлім алдындағы есірік күй кешкен Еңлік бейшара екен-ау...

Мұның бәрі – бәрі өткеннің садағасы, бабалар аманаты. Ал оны қағып-сілкіп, жаңғыртып жатқан – өзіміздің қырық күн шапса да жағы талмас Шығыстың жыршылары. Тәубе, бабалар аманатын қос жанарының қарашығындай қастерлейтін ұрпағымыз бар екен.

Бір төбенің тозаңын бір төбеге қосқан күн

Тамыздың 27-жұлдызы. Бұл күні Өскеменнің жыр сүйер қауымы сәресісін кешелі-бүгін саналарының сазына батып, бар мен жоқтың арасындағы дүбәра кеңістікте қалған батырлар жырымен ашты. Неге десеңіз, Өскеменнің Достық үйінде облысымызда тұңғыш рет «ғасырлар – ескен есілім, жырлармен жеткен есімің» атты жыршылар байқауы өтіп жатыр.

– Осы бір ұлт мұрасын жаңғыртуды мұрат еттік. Мұрындық болған – «Алтын арқау» қоғамдық бірлестігі. Біздің бастамамызды облыстық әкімшілік, сонан кейін білікті де білгір, ауыз әдебиетінің жанкешті жанашыры Бейбіт Мамыраев сынды басшысы бар ШҚМУ ұжымы қолдады. Демеушілік жасады. Алғашында ұмытылып қалған өнер түрінен бақ сынайтын жыршылар табылмай қалмас па екен дегендей екіұрық күдігіміз де болды. Шүкір, міне, көріп отырсыз, Тайбурыл шабысты жыршыларымыз бір шаңынан бір шаңын асырып жатыр, – деп жаңағы бірлестіктің директоры Сағымбек Ақанов сайыстың әредігінде бір желпініп қойды.

Бұл күнгі сайыста 19 үміткер бақ сынасты. Облысымыздың түкпір-түкпірінен келіпті. Бағана сайыстың шымылдығын өскемендік өрен, талай өнер аламандарында шашасына шаң жұқтырмаған Данияр Әкелеев «Түсіп-хан Сүлейменнің қиссасымен» ашқан. Кешубай батырдың фәнимен қоштасу сәтіндегі төпелеген жырдан көрерменге толы зал іші сілтідей тынды. Кешубаймен қоштасқандары. Өскемендік, «Рудный Алтай» газетінің тілшісі Қабылқайыр Құдайбергенов пен жармалық Нағым Омарғалиеваның шылбырды бір-бірінен жұла қашып, іліп әкетіп жырлаған «Еңлік – Кебек» дастаны қандай! ҚР мәдениет қайраткері, өскемендік танымал өнерпаз ағамыз Беделбек Әбілмәжіновтің «Арудың зары» орындалғанда зал іші күңіреніп кетті. Көрермендердің күйзелісінен туған күңірену.

Кәсіпқой жыршы, өңіріміздегі жыршылардың көшбасшысы, семейлік Дүйсенғазы Нығметжанов нағыз жыршылықтың, оның мақамы мен әуенін қалай ойнатып отыру керектігінің ерен үлгісін көрсетті.

Алтайдағы жыршылық өнердің өміршең болатынына осы сайыс көзімізді жеткізді. Кез келген өнерде ұрпақтар сабақтастығы болмаса, оның тағдырының туралғаны. Жок, бізде, құдайға шүкір, аталары мен апаларынан осы бір киелі мұраны аманаттай алар, сол аманатты болашақ атты жарқын ертеңге жарқырата жеткізетіндей ұрпақ бар екен. Көкпекті ауданы, Самар ауылындағы Болғамбаев орта мектебінен келген 2-3-сыныпта оқитын



бүлдіршіндер – Әділбек Ғазизов, Санжар Зейнолдиновтар – соның дәлелі. Екеуі өз кезектерінде «Қамбар мен жолбарыс», «Ер Тарғын» жырларын сұңқылдатқанда, риза болмаған адам қалмады.

Түс ауа іріктеу сайысы өз мәресіне әрең жетті. Бұл күнгі көрермендер сағынып қалған жыршыларымен қимай қоштасысты.

Шығыста жыршылар мектебін ашу ләзім

Тамыздың 28-жұлдызы. Жыршылар сайысының мәрілік күні байқауы. Өскемендегі ШҚМУ-дың бесінші ғимаратының үлкен акт залы көрермендерге лықылдай толған. Мінбеде – облыс Әкімінің орынбасары Түсіпхан Түсіпбеков.

– Қазақ деген халықтың аса бай мәдени мұрасы ауыз әдебиеті десек, сол мұраның үлкен бір жақұтты бөлшегі – батырлар жыры,

эпостық дастандар. Батырлар жыры – дәуірлер шежіресі, бабалар аманаты. Батырлар жыры – ұрпақтар сабақтастығының алтын арқауы. Батырлар жыры – ұлтымыздың арнамысы мен абырой-ожданы. Оның шырайлы Шығыстағы алғашқы қадамы қайырлы да баянды болғай.

Осының бәрі, өткенімізді жаңғыртып, барымызды базарлап жату – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың көрегенділікпен құрған «Мәдени мұра» бағдарламасының жемісі. Ал осы ұмытыла бастаған өнердің дәл осы Шығыстан қайтара бастау алуы – заңдылық. Неге десеңіздер, Шығыс – Абай, Шәкерім, Әріп сынды алыптардың, Ақтамберді, Дулат сынды жыраулардың, кешелі-бүгінгі Мұхтар Әуезов, Әзілхан Нұршайықов, Мұхтар Мағауин, Қалихан Ысқақ, Оралхан Бөкей, Кәмен Ораза-

Домбаев сұңқылдатты. Жармалық Назым Омарғалиева «Сабалақ батырға» басты. Өскемендік Данияр Әкелеев «Түсіпхан Сүлейменнің қиссасымен» аруақ шақырды. Беделбек Әбілмәжінов жырдың күйге көшкен үлгісін «Шаһидың зарымен» бебеулетсе, самарлық бүлдіршіндер Әділбек пен Санжар көрермендерге дүрілдете қол соққызды. Кеше «Жошы – Алашхан» дастанын майын тамыза жырлаған семейлік Роза Шарифуллина бүгін «Бір қыздың оқиғасын» зарлатты.

Кезек Дүйсенғазы Нығметжановқа тиді. Әрең шыдап отыра екен. Төкті дерсің, репертуары жиырмадан астам жырдан тұратын Дүйсенке бүгін басқаша бір өнер бастады. Жұртшылық нені қаласа, соны жырлауға көшті. Бесалты жырдың басын қайырған оны қазылар алқасы «әке-көкелеп» жүріп әрең тоқтатты. Міне әуен, міне мақам! Жыршылық өнер неткен ғажап! Бөлек бір әлем екен-ау.

ШҚМУ-дың аға оқытушысы Ануза Жұманханова «Еңлік-Кебекті» жырлағанда, зал күңіреніп кетті. Әсіресе, Еңліктің ел-жұртымен қоштасу зары... Жо-жоқ, «Ел іші – өнер кеніші» екендігі рас екен. Көзімізді жеткізді мына сайыс.

Көгентүпте қалған ұландық Серікқазы Олжабаев өзінің «Ағайын толғауын» төкпелегенде, көрермендердің аламан шапалағынан мынау ғимарат бой-бой боп сөгіліп кетер деп едік. Әуірімдеп аман қалды.

Қазылардың тер төгуіне тура келген. Тайбурыл шабысқа салған жыршылардың орнын анықтау қиямет екендігі шындық. Алайда, қорытынды шығарылды.

ШҚМУ тағайындаған бас жүлде семейлік кәнігі жыршы Дүйсенғазы Нығметжановтың қанжығасына байланды. Екі бірінші орын тағайындалған. Оларға зайсандық Мұратхан Домбаев пен өскемендік Данияр Әкелеев лайық деп танылды. Екінші орын Беделбек Әбілмәжіновке берілсе, үш үшінші орынға самарлық оқушылар Әділбек Ғазизов пен Санжар Зейнолдинов, жармалық Назым Омарғалиева, семейлік Роза Шарифуллина шықты. Қатысушылардың барлығына ынталандыру сыйлықтары берілді.

Қорытынды сөзді арғы-бергі әдебиетіміздің жілігін шағып, майын ішкен ғұламамыз, академик Сейіт Қасқабасов ағамыз айтты.

– Тебіреніп, толқып отырдым. Қайран өнеріміз тұншығып, булығып жатыр екен. Көктемгі тау суындай лақ етті. Лақ етіп қана қойған жоқ, Шығыста ұлт өнері өшіп қалған деген ғалымдардың өңешіне құм құйды. Облыста қазақ ауан қалыптасыпты. Ризамын.

Әнеу, екі бүлдіршіннің аяқ тастастары қандай! Ертеректе кәнігі жыршылар талантты өрендерді екшеп, іріктеп алып кәдуілгідей тәрбиелеген. Баптаған. Бүгінгі сайыстан Жанак, Шөжелердің, кешегі өткен Шәкір Әбенювтердің өзін көргендей күй кештім. Шығыста жыршылар мектебін неге ашпасқа. Құдайға шүкір, Қанипа Бітібаева сынды білгір әдебиетшілеріңіз, Дүйсенғазы Нығметжанов сынды жыршыларыңыз бар. Жо-жоқ, сіздерде ондай мектеп ашуға толық негіз бар екен. Басшылар соны ескерсе екен.

Мынадай сайыс өткізуге мұрындық болып отырған облыс Әкімі Бердібек Сапарбаевтай інімізге алғысымыз мол. Түлей беріңіздер, жаңғыра беріңіздер!..

Міне, бұл, ғалым ағаның жүрекжарды сөзі. Бұдан кейін көсемсу – пәтуасыздық.

СУРЕТТЕРДЕ: бас жүлде иесі Дүйсенғазы Нығметжанов; бір топ жүлдегерлер және үшінші жүлде алған Роза Шарифуллина.

Суреттерді түсірген Ғылымбек Сәбитов